

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

Тараз қ.

Хаттама №1

02.04.2024 ж.

Өткізілген орны: «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ғимараты, Тараз қ., Ниеткалиев көшесі, 20 үй.

Өткізілген күні: 02.04.2024 ж.

Өткізілген уақыты: 12:00

Жиналыс төрайымы: Қуанышбекова Л.Т. - директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Жиналыс хатшысы: Нышанбеков Т.Н.

Қатысқандар: Жамбыл жоғары медициналық колледж қызметкерлері.

Күн тәртібі:

1. 2024 жылдың бірінші тоқсан аралығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комплаенс офицерінің ұйымдастыруымен Жамбыл жоғары медициналық колледж қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлықты алдын алу мақсатында атқарылған іс-шаралары.

Тыңдалды:

Жамбыл жоғары медициналық колледжі директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т. Қуанышбекова: Бүгінгі жиналысқа қатысушыларға Жамбыл жоғары медициналық колледжі қызметкерлерімен осы бірінші тоқсанда үш тақырыпта сыбайлас жемқорлықты алдын алу мақсатында түсіндірмелі жұмыстар жүргізілгендігін айтты, атап айтсақ:

1. 31.01.2024 жыл күні Жамбыл жоғары медициналық колледжінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комплаенс офицерінің ұйымдастыруымен колледж қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлықты алдын алу мақсатында **«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру»** тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілген.

2. 28.02.2024 жыл күні Жамбыл жоғары медициналық колледжінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комплаенс офицерінің ұйымдастыруымен колледж қызметкерлерімен **«Парақорлыққа қарсы бәріміз бірге жұмылуымыз керек»** тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілген.

3. 29.03.2024 жыл күні Жамбыл жоғары медициналық колледжінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комплаенс офицерінің ұйымдастыруымен колледж қызметкерлерімен **«Сыбайлас жемқорлықтан арылу»** тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілген.

Қазіргі таңда қоғамда халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Бұл дерттің алдын алып қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек, ол үшін бәріміз бірге жұмылып қарсы тұруымыз керек екендігін айтты. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комплаенс офицері, тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жою және азаматтар үшін қолайлы жағдай жасау, қоғамдық бақылауды жүзеге асыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру барлық қызметкерлердің басты мақсаты екенін қайталап айтып қызметкерлерге жеткізді.

Шешім қабылданды:

1. Колледж қызметкерлері ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихаттау жұмыстарының жүйелі түрде жүруі қадағалансын.
2. Колледж қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылық фактілерінің орын алуына жол бермеу туралы жұмыстар жалғастырылсын.

Жиналыс төрайымы :

Жамбыл жоғары медициналық колледж
директорының оқу тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары



Л.Т.Қуанышбекова

Жиналыс хатшысы



Т.Н.Нышанбеков